

## **Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі бағдарламаны бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 мамыр N 591

"Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау тұжырымдамасын мақұлдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 қыркүйектегі N 1249 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі бағдарлама бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2                      ж ы л ғ ы                      2 9                      м а м ы р д а ғ ы

N                      5 9 1                      қ а у л ы с ы м е н

**БЕКІТІЛГЕН**

### **Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі бағдарлама**

#### **1. Бағдарлама паспорты**

Атауы                      Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама)

Әзірлеу негіздемесі                      "Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау тұжырымдамасын мақұлдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 қыркүйектегі N 1249 қаулысы (бұдан әрі - Тұжырымдама)

Бағдарламаның мақсаты                      Қазақстан Республикасының аумағында санаткерлік меншік объектілерін заңды түрде пайдалану (іске асыру) және қорғау (күзету) саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мазмұндалған Тұжырымдама ережелерін іске асыру үшін ғылыми-әдістемелік негіз жасау

Бағдарламаның міндеттері Санаткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру; ғылыми-техникалық прогресті, өнертапқыштықты және еркін бәсекелестікті дамытуға жағдай жасау; санаткерлік меншік саласында Қазақстан Республикасының экономикалық және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; шағын кәсіпкерлік субъектілерінің санаткерлік меншік объектілерін пайдалануын кеңейту; шағын кәсіпкерлік субъектілерінің санаткерлік меншік объектілеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету

Қаржыландыру көздері Бұл Бағдарлама Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ДСМҰ арасындағы ынтымақтастық бағдарламасына сәйкес Дүниежүзілік Санаткерлік Меншік Ұйымы (бұдан әрі - ДСМҰ) бөлетін қаражат есебінен жүзеге асырылады

Иске асыру мерзімі 2002-2006 жылдар

## **2. Кіріспе**

Бағдарламаны әзірлеудің негіздемесі "Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау тұжырымдамасын мақұлдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 қыркүйектегі N 1249 қаулысы болып табылады.

Қазіргі уақытта санаткерлік меншік құқықтарын қорғау жүйесі ұлттық инфрақұрылымның бөлінбес бөлігіне айналды. Жиырма бірінші ғасырды санаткерлік экономика дәуірі болады деп пайымдауға барлық негіз бар, оның дамуында шығармашылық қызмет және оны қорғаудың сенімді құқықтық жүйесі шешуші орын алмақ. Қазақстан Республикасы халықаралық мәдени және ғылыми-техникалық алмасудың толық құқықты қатысушысы ретінде, ДСМҰ мүшесі бола отырып, құқық иеленушілер болатын тұлғалардың санаткерлік меншікке құқықтарының сақталуын әлемдік стандартқа жауап беретіндей деңгейде қамтамасыз етуі тиіс.

Санаткерлік меншік құқықтары жүйесінің тиімді жұмыс істеуі мемлекеттік органдар қызметіндегі басым бағыттардың бірі болуға және осы салада мемлекеттің айқын тұжырымдалған саясаты негізінде жүргізілуге тиіс.

## **3. Проблемалардың қазіргі жай-күйін талдау**

Қазақстан Республикасы ДСМҰ мүшесі ретінде қазақстандық азаматтардың да, шет елдік және азаматтығы жоқ адамдардың да санаткерлік меншікке құқықтарының

сақталуын конституциялық тәртіппен мойындайды және кепілдік береді.

Туындыларды және санаткерлік меншік құқықтарын заңды түрде пайдалану (іске асыру) және тиімді қорғау (күзету), ең алдымен, кез-келген елдің мүддесіне, сондай-ақ әлемдік қоғамдастықтың мүддесіне жауап береді.

Санаткерлік меншікті қорғау қағидаттарын іске асыру және осы мақсаттарда құқық амалдарын қалыптастыру заңнаманы одан әрі жетілдіруді көздейді.

Сонымен қатар, мемлекет экономиканы және әлеуметтік саланы тұрақты дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасай отырып, шығармашылық әлеуеттің дамуына, жаңа идеялардың қажет болуына ықпал етеді. Бірақ қазіргі кезде санаткерлік меншік құқықтарын қорғауға байланысты республикада қиын да қолайсыз жағдай қалыптасып отыр. Атап айтқанда, контрафактілік өнімдер кең тарала бастады, тиісті дәрежедегі құқық қолдану практикасы жоқтың қасы, қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау сияқты бақылау тетіктері пайдаланылмайды.

Санаткерлік меншік объектілерін бағалау мәселелері нарықтық қатынас талаптарына сай келмейді, осы уақытқа дейін бағалау стандарттары мен әдістемелеріне ресми мәртебе беру туралы мәселе шешілмеген. Санаткерлік меншік объектілерін бағалаудың нормативтік-құқықтық базасы одан әрі жетілдіруді қажет етеді, ТМД мен алыс шет елдердегі бағалаушы ұйымдар жұмысының оң тәжірибесін қорыту, жедел ақпараттар алмасу және бағалау стандарттарын үйлесімге келтіру жүйесін реттеу қажет

Санаткерлік меншік саласындағы құқықтық қатынастардың өз ерекшелігі бар және жалпы алғанда, Қазақстанда олардың өркениеттік нысандары әлі қалыптаспаған, құқық иеленушілердің мүліктік мүдделерін және пайдаланушылардың экономикалық мүмкіндіктерін қамтамасыз етудің ымырашыл нысандарына қол жеткізілмеген. Авторлық құқықты жеке құқыққа жатқызатынына қарамастан, бұл салада мемлекеттік реттеудің қажеттілігі көзге ұрып тұр. Сол себепті мемлекет өзінің құзыретті органдары, білім мекемелері, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы осы саладағы құқықтық білімді ауқымды мақсатты түрде насихаттауды қолға алуы қажет. Осы жұмыстардың барлығы жаппай құқықтық оқыту шеңберінде ұйымдастырылуы мүмкін.

Түсіндіру жұмыстарымен бір мезгілде заңнаманың орындалуына нақты бақылау жасауды, статистикалық есеп-қисап пен жасалған бұзушылықтың қатаң есебін жүргізу нысандарын әзірлеуді қамтамасыз ету керек. Шығарма авторларының, құқық иеленушілердің және пайдаланушылардың арасында туындайтын қайшылықтар көрсетіп отырғандай, "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының , сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің кейбір ережелерін өз бетінше әр түрлі тұрғыдан түсіндіру орын алуда. Сондықтан, қайшылықтарды болдырмау үшін кейбір заңнама кесімдерінің ережелерін түсіндіруге бірыңғай тұрғыдан келуге қол жеткізген жөн. Ең алдымен, туындайтын көптеген мәселелер жөнінде мамандардың түсініктемесі, ұғындыруы қажет етіледі. Құқық

қолдану практикасын, келіп түскен ұсыныстарды талдаудың негізінде "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі пісіп-жетілді.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстан Республикасының аумағында санаткерлік меншік объектілерін заңды түрде пайдалану (іске асыру) және қорғау (күзету) саласындағы мемлекеттік саясаттың негізі баяндалған Тұжырымдаманың қағидаларын іске асыру үшін қажетті ғылыми-әдістемелік негіздер жасау.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

санаткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру; ғылыми-техникалық прогресті, өнертапқыштықты және еркін бәсекелестікті дамытуға ықпал ету;

санаткерлік меншік саласында Қазақстан Республикасының экономикалық және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

санаткерлік меншік объектілерін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің пайдалануын кеңейту;

шағын кәсіпкерлік субъектілерінің санаткерлік меншік объектілеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету.

#### **5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері**

Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасында жасалатын ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар, фирмалық атаулар және ашылмаған ақпарат, Интернетте құқықтар қорғау, құпия өнертабыстармен айналысу сияқты санаткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу және қабылдау қажет.

Бұдан басқа, заңнаманы кинематография туындыларын пайдаланушылардың қызметін, санаткерлік меншік құқықтарын қамтамасыз ету мәселелерінде атқарушы органдардың қызметін, санаткерлік меншік объектілері бар тауарларды кедендік бақылау тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеуді және қабылдауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мемлекеттік органдардың құзыретін белгілейтін бөлігін одан әрі жетілдіру қажет.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасында өнертапқыштық қызметті дамыту бағдарламасын әзірлеу жолымен ғылыми-техникалық прогресті, өнертапқыштықты және еркін бәсекелестікті дамытуға ықпал ету, шағын және орта бизнес субъектілеріне санаткерлік меншік объектілерін пайдалануда жәрдем көрсету қажет.

Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында тәжірибе алмасу, біліктілікті арттыру және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерінде халықаралық ұйымдармен өзара іс-әрекет жасау арқылы халықаралық ұйымдармен және шет мемлекеттермен халықаралық ынтымақтастықты кеңейтудің, аудио-бейне саласында

сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдалануға және контрафактілік өнімнің таралуына қарсы күрес мәселелерінде Фонограмма жасаушылар халықаралық федерациясымен (IFPI) өзара іс-әрекеттің зор маңызы бар.

Сонымен бірге, әкімшісі ДСМҰ болып табылатын бағдарламалар бойынша санаткерлік меншік саласында мамандар даярлауды қамтамасыз ету, аумақтық әділет органдары, соттар, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, патенттік сарапшылардың біліктілігін арттыру, санаткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелері бойынша судьялар мен құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне арналған семинарлар өткізу қажет.

## **6. Қажетгі қорлар және оларды қаржыландыру көздері**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ДСМҰ арасындағы ынтымақтастық бағдарламасына сәйкес осы халықаралық ұйымның тарапынан берілетін көмекті пайдалану қарастырылады.

## **7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер**

Бағдарламада қойылған негізгі міндеттерді шешу Бағдарламаны іске асыру барысында оң нәтижелерге қол жеткізуді көздейді, ол республиканың ғылыми-техникалық әлеуетін нығайтудан, творчестволық қызметті ынталандырудан к ө р і н і с т а б у ы т и і с .

Бұдан басқа, бұл міндеттерді шешу инновациялық қызметті дамыту үшін жағдай жасауға, жаңа технологияларды әзірлеуге және пайдалануға, бәсекеге жарамды өнімдер шығаруға, жаңа техникамен және технологиялармен ішкі және халықаралық айырбас-алмасуға жағдай жасауға, ғылыми-техникалық өнім нарығын қалыптастыруға ы қ п а л е т е т і н б о л а д ы .

Сондай-ақ бұл ішкі нарықты контрафактілік тауарлардан қорғауды, отандық тауарлар мен қызметтер көрсетуді жасаушыларды қолдауды қамтамасыз етуге м ү м к і н д і к б е р е д і .

Ғылыми ауқымды және жоғары технологиялық өндірістерге қолайлы инвестициялық ахуал жасау және инвестициялар тарту, жаңа жетістіктер мен әзірленімдер туралы ақпарат қалыптастыру және тарату күтіліп отыр.

## **8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

**Ескерту. 8-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.06. N 6 қаулысымен .**

Р/с! Іс-шара ! Аяқталу ! Орындалуына !Орындалу!Болжамды!Қаржы.  
N ! ! нысаны ! жауаптылар ! мерзімі !шығыстар!ланды.  
! ! ! ! ! ! ! ру көзі

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

## 1. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

1.1 Санаткерлік меншік Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат тиімділігіне Жыл сайын - -  
 Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат тиімділігіне

талдау жүргізу

1.2 Санаткерлік меншік Қазақстан Республикасының Ұдайы Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының заңдарының жобалары

1.3 Мыналарды:

1) өнеркәсіптік меншік объектілерін, селекциялық жетістіктерді, интегралдық схемаларларын патенттеуге ақы төлеу мен тәртібін; ҚР ӘДМ Қазақстан Санаткерлік Республикасының Әділет жөніндегі топология. комитетінің бұйрығы мөлшерлері

2) Қазақстан Республикасында жалпыға мәлім тауар таңбасын (қызмет көрсету таңбасын) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тану тәртібін шарттарын таятын Қазақстан Республикасының IV тоқсаны Әділет министрлігі бұйрығы және анық. заңи

н о р м а т и в т і к  
қ ұ қ ы қ т ы қ  
к е с і м д е р д і  
ә з і р л е у ж әне

кабылдау

1.4	"Қазақстан Респуб. ликасының кейбір заң актілеріне санаткерлік	Заң жобасы	Қазақстан Республикасы- ның Әділет министрлігі	2004	- - жылдың II тоқсаны
		меншік	саласында		
		өзгерістер	мен		
		толықтырулар	енгізу		
		туралы "	Қазақстан	Респуб.	
		ликасы	Занының		
	жобасын	әзірлеу			

**2. Халықаралық ынтымақтастық**

2.1	Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында тәжірибе алмасу, біліктілікті арттыру және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерінде халықаралық ұйымдармен өзара іс-әрекет	Қазақстан Республика. сының	Қазақстан Республика. сының Әділет Үкіметіне ақпарат	Жыл сайын	- ДСМҰ қаражаты есебінен министрлігі, Қазақстан Республика. сының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым
	министрлігі				
2.2	ДСМҰ қаржыландыра. тын бағдарламалар бойынша әділет аумақтық органдары қызметкерлерінің, судьялардың, құқық	Қазақстан Республика. сының	Қазақстан Республика. сының Әділет Үкіметіне ақпарат	Жыл сайын	- ДСМҰ қаражаты есебінен министрлігі, Қазақстан Республика.

қорғау органдары сының  
қызметкерлерінің, Сыртқы істер  
патент сарапшылар. министрлігі

ының біліктілігін

арттыру

2.3 Аудио-бейне Қазақстан Қазақстан Жыл - -  
саласында сабақтас Республика. Республика. сайын  
құқықтар сының сының Әділет  
объектілерін Үкіметіне министрлігі,  
заңсыз пайдалануға ақпарат Қазақстан  
және контрафактілік Республика.  
өнімнің таралуына сының  
қарсы күрес Сыртқы істер  
мәселелерінде министрлігі

Ф о н о г р а м м а

ж а с а у ш ы л а р х а л ы қ .

а р а л ы қ ф е д е р а ц и я .

с ы м е н ( I F P I ) ө з а р а

іс-әрекет жасау

2.4 Қазақстан Қазақстан Қазақстан 2003 - -  
Республикасы мен Республика. Республика. жылдың  
Дүниежүзілік сының сының Әділет II  
Санаткерлік Меншік Үкіметіне министрлігі тоқсаны  
Ұйымы арасындағы ақпарат  
ы н т ы м а қ т а с т ы қ  
б а ғ д а р л а м а с ы н і с к е  
а с ы р у б о ы ы н ш а  
ш а р а л а р қ а б ы л д а у

---

### 3. Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында мамандар даярлау

---

3.1 ДСМҰ-ның Семинарлар Қазақстан Жыл - ДСМҰ  
ұйымдастыруымен Республика. сайын қаражаты  
санаткерлік меншік сының Әділет есебінен  
құқықтарын қорғау министрлігі,  
мәселелері бойынша Қазақстан  
судьялар мен құқық Республика.  
қорғау органдары сының  
қызметкерлеріне Ішкі істер



арналған министрлігі  
семинарлар өткізу

3.2 Құзыретіне Қазақстан Қазақстан 2003 - - -  
санаткерлік меншік Республика. Республика. 2005  
саласында құқық сының сының Білім жылдар  
бұзушылықтың жолын Үкіметіне және ғылым  
кесу кіретін ұсыныс министрлігі,  
органдар үшін Қазақстан  
мамандар даярлауды Республика.  
жүзеге асыратын сының Әділет  
жоғары оқу министрлігі

орындары  
бағдарламаларына  
тиісті оқу пәндерін

енгізу

3.3 "Қазақстан Респуб. Қазақстан Қазақстан 2004 - -  
ликасының Әділет Республи. Республикасы. жылдың  
министрлігі касының ның Әділет II  
Санаткерлік мен. Үкіметіне министрлігі тоқсаны  
шік құқығы жөнін. ұсыныстар  
дегі комитетінің  
ұлттық санаткерлік  
меншік институты"  
республикалық  
мемлекеттік қазына.  
лық кәсіпорнының  
жанынан  
Санаткерлік меншік  
оқу орталығын құру  
туралы ұсыныстар  
енгізу

---

#### **4. Санаткерлік меншік құқығын қорғау мәселелерінде халықтың құқықтық мәдениетін көтеру**

---

4.1 Санаткерлік Жарияланым. Қазақстан Ұдайы - -  
меншік құқықтарын дар, баспа. Республика.  
қорғау мәселелері сөз, конфе. сының Әділет  
бойынша бұқаралық ренциялары, министрлігі,

ақпарат құралдары,  
мерзімді баспа  
басылымдары арқылы  
түсіндіру  
жұмыстарын жүргізу

сөз сөйлеу

Қазақстан  
Республика.  
сының  
Мәдениет,  
ақпарат және  
қ о ғ а м д ы қ  
к е л і с і м

министрлігі

4.2 ДСМҰ әкімшілік Санаткерлік Қазақстан Жыл - ДСМҰ  
ететін бағдарлама. меншік Республика. сайын қаражаты  
лар бойынша мәселелері сының Әділет есебінен  
нормативтік жөніндегі министрлігі  
құқықтық кесімдер, нормативтік  
әдістемелік материалдар және құқықтық  
санаткерлік меншік кесімдер,  
құқықтарын қорғау материалдар  
мәселелері ж ө н і н д е г і ө з г е ж и н а ғ ы  
де

әдебиеттер шығару

4.3 Санаткерлік меншік Бейнеролик. Қазақстан 2003 - ДСМҰ  
құқықтарын тер Республика. жылдың қаражаты  
қорғауға арналған сының Әділет I-IV есебінен  
түрлі тақырыпта министрлігі, тоқсандары  
роликтер, Қазақстан  
бейнеклиптер, кино. Республика.  
фильмдер шығару сының  
бойынша жұмыс Мәдениет,  
жүргізу ақпарат және  
қ о ғ а м д ы қ  
к е л і с і м

министрлігі

4.4 Құқық иеленушіге Әдістемелік Қазақстан 2004  
оның құқықтарын ұсынымдар Республика. жылдың  
бұзудан келтіріл. сының Әділет IV  
ген зиянды министрлігі тоқсаны  
а й қ ы н д а й т ы н  
ә д і с т е м е л і к ұ с ы .  
н ы м д а р д ы ә з і р л е у

## 5. Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау

5 . 1		< * >		
5.2 <*>				
5.3 Санаткерлік меншік объектілері бар тауарлардың кедендік шекара арқылы өтуін реттеу бойынша бірлескен шараларды жүзеге асыру	Ақпарат	Қазақстан алмасу	Ұдайы	- - Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті
5.4 Контрафактілік өнімдер шығару мен таратудың алдын алуға бағытталған шаралар қабылдау	Авторлық	Қазақстан және сабақтас құқықтар	Ұдайы	- - Республика. сының Әділет министрлігі, Қазақстан Республика. бұзушылықты сының анықтау Ішкі істер және жолын министрлігі к е с у б о й ы н ш а р е й д т е р
5.5 Санаткерлік меншік объектілерін бағалау институтының жай-күйін талдау	Қазақстан ақпарат	Қазақстан Республикасының Үкіметіне	2003 Республикасының министрлігі	- - жылдың Әділет І тоқсаны

5.6 Санаткерлік меншік объектілерін бағалау мәселелерін реттейтін әдістемелік материалдар әзірлеу	Бірлескен бұйрық	Қазақстан Республика.	2003	-	-
				жылдың	сының
				Әділет	ІІ
				министрлігі,	тоқсаны
				Қазақстан	Республика.
				сының	Білім
				және	ғылым
					министрлігі
5.7 Өнертапқыштық қызметті дыру, Қазақстан Республикасында өнертапқыштықты коммерцияландыру шаралары мен тетіктерін жасау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қазақстан Республика.	2002	-	-
				жылдың	сының
				Әділет	ІV
				министрлігі,	тоқсаны
				Қазақстан	Республика.
				сының	Білім
				және	ғылым
					министрлігі

## 6. Қазақстан Республикасының патенттік жүйесін дамыту

6.1	М ы н а л а р д ы :				
1) селекциялық жетістіктерге патент алуға өтініштерді жазу, беру және қарау ережесін;	Бірлескен бұйрық	Қазақстан Республика.	2002	-	-
				жылдың	сының
				Әділет	ІV
				министрлігі,	тоқсаны
				Қазақстан	Республика.
				сының	Ауыл
				шаруашылығы	министрлігі
2) интегралдық микросхемалар топологиясын тіркеу тәртібін белгілей.	Бұйрық	Қазақстан Республика.	2002	-	-
				жылдың	сының
				Әділет	ІV
				министрлігі	тоқсаны
				тің	заңи
				тік	норматив.
				кесімдерді	құқықтық
					әзірлеу

және қабылдау

6.2 Өнеркәсіптік меншік Нұсқаулық. объектілеріне сараптама жүргізу және қорғау	Қазақстан тар	Ұдайы	-	-
	қ ұ ж а т т а р ы н п р о ц е с і н ж ө н і н д е г і ә з і р л е у қ а б ы л д а у	б е р у ж е т і л д і р у ш а р а л а р д ы ж әне	Республика. сының Әділет министрлігі	

---

## 7. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жәрдем көрсету

---

7.1 Санаткерлік меншік объектілерін пайдалануда бизнес субъектіле. рін мемлекеттік қолдау жөнінде шаралар қабылдау және нормативтік құқықтық кесімдер әзірлеу	Бірлескен шаралар әзірлеу	Қазақстан	2002	-	-
			Республика. сының Әділет министрлігі,	жылдың III тоқсаны	Қазақстан Республика. сының Табиғи монополия. ларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі